*Үлгі нысаны/Типовая форма*

| **НОМИНАЛДЫ ҰСТАУСЫЗ БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ КЕЛІСІМ-ШАРТЫ** | **ДОГОВОР ОКАЗАНИЯ БРОКЕРСКИХ УСЛУГ БЕЗ НОМИНАЛЬНОГО ДЕРЖАНИЯ** |
|---|---|
| Астана қ. «___» _202__жыл | г. Астана «___» _202__года |
| **«Alatau City Invest» АҚ**, бұдан әрі – «Брокер» деп аталатын, ___________ негізінде әрекет ететін _ атынан, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 2025 жылғы 22 тамызда берген № 3.2.239/16 лицензиясы негізінде номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыратын, бір тараптан, және ______ негізінде әрекет ететін __атынан «Клиент» деп аталатын _____, екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп – «Тараптар», ал жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталатын, осы номиналды ұстаусыз брокерлік қызмет көрсету туралы Келісім-шарттын (бұдан әрі – «Келісім-шарт») төмендегілер туралы жасасты. | **АО «Alatau City Invest»**, именуемое в дальнейшем "Брокер", в лице ____________________ деятельности на рынке ценных бумаг с правом ведения счетов клиентов в качестве номинального держателя, с одной стороны, и, ______, именуемое в дальнейшем "Клиент", в лице _, действующего на основании __________, с другой стороны, далее совместно именуемые Стороны», а по отдельности – как указано выше или "Сторона", заключили настоящий Договор оказания брокерских услуг без номинального держания (далее – "Договор") о нижеследующем |
| **1. КЕЛІСІМ-ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР** | **1. ТЕРМИНЫ И ОПРЕДЕЛЕНИЯ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В ДОГОВОРЕ** |
| 1.1. Осы Келісім-шартта келесі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады: | 1.1. В настоящем Договоре используются следующие термины и определения: |
| 1) Клиенттің активтері - Клиенттің ақшасы мен қаржы құралдарының жиынтығы; | 1) активы Клиента – совокупность денег и финансовых инструментов Клиента; |
| 2) ішкі құжаттар – Брокердің клиенттермен өзара қарым-қатынасын, құрылымдық бөлімшелерінің, лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің қызметінің жағдайы мен тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттары, соның ішінде бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыру Регламенті (бұдан әрі – Брокердің Регламенті); | 2) внутренние документы – внутренние нормативные документы Брокера, регулирующие его взаимоотношения с клиентами, условия и порядок деятельности его структурных подразделений, должностных лиц и работников, в том числе Регламент по осуществлению деятельности на рынке ценных бумаг (далее – Регламент Брокера); |
| 3) мүдделер қақтығысы - Брокер мен Клиенттің мүдделері бір-біріне сәйкес келмейтін жағдай; | 3) конфликт интересов - ситуация, при которой интересы Брокера и Клиента не совпадают между собой; |
| 4) жеке шот - Клиентке ашылған және оның бағалы қағаздарын есепке алуға арналған жеке шот; | 4) лицевой счет – лицевой счет, предназначенный для учета ценных бумаг; |
| 5) Клиенттік тапсырыс – Клиенттің меншігіндегі қаржы құралдарына немесе ақша қаражатына қатысты мәмілелер жасасу және жүзеге асыру мақсатында, белгіленген нысан бойынша Клиент Брокерге ұсынатын құжат; | 5) Клиентский заказ – документ, предоставляемый Клиентом Брокеру по установленной форме, на осуществление действий в отношении принадлежащих ему финансовых инструментов или денег, с целью заключения и совершения сделок с финансовыми инструментами Клиента; |
| 6) Уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган; | 6) уполномоченный орган - государственный орган, осуществляющий регулирование, контроль и надзор финансового рынка и финансовых организаций; |
| 7) Кастодиан - ҚР заңнамалық актілеріне сәйкес Клиенттердің қаржы құралдары мен ақшаларын есепке алуды және олар бойынша құқықтарды растауды, Клиенттердің құжаттамалық қаржы құралдарын сақтауды, олардың сақталуы бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдай отырып және өзге де қызметті жүзеге асыратын бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушысы; | 7) Кастодиан – профессиональный участник рынка ценных бумаг, осуществляющий учет финансовых инструментов и денег Клиентов и подтверждение прав по ним, хранение документарных финансовых инструментов Клиентов с принятием на себя обязательств по их сохранности и иную деятельность в соответствии с законодательными актами РК; |

| | |
|---|---|
| 8) ОД – «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ;<br>9) KASE – «Қазақстан қор биржасы» АҚ;<br>10) AIX – «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қор биржасы (Astana International Exchange);<br>11) AIX CSD – «Астана» халықаралық қаржы орталығының депозитарийі;<br>12) IM - Брокердің есеп жүйесі («InvestManager» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі);<br>13) Есеп айырысу ұйымы – ҚР заңнамасында көзделген анықтамаға сәйкес келетін, оның ішінде шетелдік, қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуды, сондай-ақ номиналды ұстау функцияларын жүзеге асыратын ұйым;<br>14) Бөгде ұйымдары - ОД, KASE, AIX, AIX CSD, Кастодиан, екінші деңгейдегі банк / Брокер брокерлік қызмет көрсету шеңберінде клиенттердің ақшасын есепке алу және сақтау үшін банктік шоттар ашқан есеп айырысу ұйымы және Клиенттің қаржы құралдарын есепке алу және сақтау үшін жеке шоттар, шетелдік кастодиан және / немесе есеп Айырысу ұйымы (оның ішінде шетелдік есеп айырысу ұйымы), қарсы серіктестер;<br>15) Бағалы қағаздар нарығы туралы заң – «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;<br>16) ҚЖ/ТҚҚ заңнамасы - қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға байланысты мәселелерді реттейтін заңнамалық актілер және өзге де нормативтік құқықтық актілер; | 8) ЦД - АО «Центральный депозитарий ценных бумаг»;<br>9) KASE - АО «Казахстанская фондовая биржа»;<br>10) AIX - фондовая биржа Международного финансового центра "Астана" (Astana International Exchange);<br>11) AIX CSD – депозитарий Международного финансового центра «Астана»;<br>12) IM – учетная система Брокера (автоматизированная информационная система "InvestManager");<br>13) Расчетная организация – организация, в том числе иностранная, осуществляющая расчеты по сделкам с финансовыми инструментами, а также функции номинального держания, соответствующая определению, предусмотренному законодательством РК;<br>14) Сторонние организации – ЦД, KASE, AIX, AIX CSD, Кастодиан, банк второго уровня/Расчетная организация, в котором(-ой) Кастодианом Клиента открыты банковские счета для учета и хранения денег клиентов, зарубежный кастодиан и/или Расчетная организация (в том числе иностранная расчетная организация), контрпартнеры;<br>15) Закон о рынке ценных бумаг – Закон Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг»;<br>16) законодательство ПОД/ФТ – законодательные акты и иные нормативные правовые акты, регулирующие вопросы, связанные с противодействием легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма. |
| **2. КЕЛІСІМ-ШАРТТЫҢ МӘНІ** | **2. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА** |
| 2.1. Осы Келісім-шартқа сәйкес Брокер Клиентке номиналды ұстау қызметтерін (бұдан әрі – брокерлік қызметтер) көрсетпей, тапсырма бойынша, Клиенттің есебінен және мүддесінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасау бойынша брокерлік қызметтер көрсетеді, ал Клиент брокерлік қызметтерге Келісім-шартта көзделген тәртіппен, мөлшерде және мерзімдерде ақы төлейді.<br>2.2. Брокер Клиенттің сұрауы бойынша, осы Келісім-шартқа қосымша келісім немесе жеке шарт негізінде қаржы құралдарымен мәмілелер жасасуға қатысты мәселелер бойынша Клиентке кеңес беру және ақпараттық қызметтер көрсетуге құқылы. Бұл ретте, инвестициялық шешімдерді Клиент өз тәуекелімен қабылдайды, ал мұндай шешімдердің салдары үшін Брокер жауапты болмайды.<br>2.3. Осы Келісім-шарт бойынша номиналды ұстаусыз брокерлік қызмет көрсету кезінде Брокер электрондық қызмет көрсетпейді. | 2.1. В соответствии с настоящим Договором Брокер оказывает Клиенту брокерские услуги по совершению сделок с финансовыми инструментами по поручению, за счет и в интересах Клиента без оказания услуг номинального держания (далее – брокерские услуги), а Клиент оплачивает брокерские услуги в порядке, размерах и сроки, предусмотренные Договором.<br>2.2. Брокер вправе по запросу Клиента оказывать Клиенту консультационные, информационные услуги по вопросам, связанным с заключением сделок с финансовыми инструментами на основании дополнительного соглашения к Договору или на основании отдельного договора. При этом Клиент принимает инвестиционные решения на свой риск, и Брокер не несет ответственности за последствия таких решений Клиента.<br>2.3. При оказании брокерских услуг без номинального держания по настоящему Договору электронные услуги Брокер не оказывает. |

| | |
|---|---|
| 2.4. Брокердің қызмет көрсетуі осы Келісім-шарттың жағдайымен, ҚР бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасымен, Брокердің Регламентімен, басқа да ішкі құжаттарымен, сондай-ақ Бөгде ұйымдардың ішкі құжаттарымен реттеледі. | 2.4. Оказание Брокером брокерских услуг регулируется условиями настоящего Договора, законодательством РК о рынке ценных бумаг, Регламентом Брокера, иными внутренними документами Брокера, внутренними документами Сторонних организаций. |
| 2.5. Брокерлік қызметтерді номиналды ұстаусыз көрсеткен жағдайда, Тұтынушыға Бөгде ұйымдарда жеке шот пен қосалқы шот ашылмайды. | 2.5. При оказании брокерских услуг без номинального держания лицевой счет и субсчета в Сторонних организациях Клиенту не открываются. |
| 2.6. Клиенттің активтерін есепке алу және сақтау Клиент тиісті келісім-шарт жасасқан кастодиан-банкте (бұдан әрі – Клиент Кастодианы) жүзеге асырылады. Бөгде ұйымдардағы барлық қажетті қосалқы шоттарды Клиентке Брокер емес, Клиент Кастодианы ашады. | 2.6. Учет и хранение активов Клиента осуществляются банком-кастодианом, с которым Клиентом заключен соответствующий договор (далее – Кастодиан Клиента). Все необходимые субсчета в Сторонних организациях Клиенту открывает Кастодиан Клиента, а не Брокер. |
| 2.7. Клиенттің қаржы құралдарымен жасалатын мәмілелері бойынша есеп айырысулар, сондай-ақ Клиенттің қаржы құралдарымен жасалатын операцияларын тіркеу Клиент Кастодианының есепке алу жүйесінде ашылған Клиенттің жеке шоты бойынша жүзеге асырылады. Клиенттің қаржы құралдарына деген құқықтарын растайтын құжат Клиент Кастодианының есепке алу жүйесінде ашылған Клиенттің жеке шотынан алынған үзінді көшірме болып табылады. | 2.7. Расчеты по сделкам, заключаемым с финансовыми инструментами Клиента, регистрация операций с финансовыми инструментами Клиента осуществляется по лицевому счету Клиента, открытому в системе учета Кастодиана Клиента. Подтверждением прав Клиента на финансовые инструменты является выписка с лицевого счета Клиента, открытого в системе учета Кастодиана Клиента. |
| **3. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **3. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 3.1. Осы Келісім-Шартты жасасқанға дейін Клиент осы Келісім-шартқа № 1 қосымшада айқындалған тізбеге сәйкес құжаттарды Брокерге ұсынады.<br>3.2. Осы Келісім-шартты орындау барысында және оның бүкіл қолданылу мерзімі ішінде Брокер Бөгде ұйымдар талап еткен құжаттарды қоса алғанда, Клиенттен өзге (қосымша) құжаттарды сұратуға құқылы. Клиент Брокер сұратқан құжаттарды ұсынғанға дейін, Брокердің Келісім-Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауын қандай да бір жауапкершіліксіз тоқтата тұруға құқылы.<br>3.3. Осы Келісім-шартты жасасу кезінде Клиент өзінің электрондық пошта мекенжайын Келісім-шарттың 13-бабында (Клиенттің деректемелерінде) көрсетеді. Клиент осы Келісім-шартта көрсетілген электрондық пошта Брокер мен Клиент арасындағы негізгі байланыс құралы болып табылады дегенге өз келісімін білдіреді. Клиент электрондық пошта адресінің өзгергені туралы Брокерді дереу хабардар етуге міндетті, әйтпесе Брокер бұрын Клиент көрсеткен электрондық пошта адресіне жіберген ақпарат Клиент алған деп есептеледі.<br>Егер осы Келісім-шарт жасалған кезде Клиент өзінің электрондық пошта мекенжайын көрсетпеген жағдайда, Брокерден ақпаратты алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін жауапкершілік Клиенттің өзіне жүктеледі және ол Брокерге ақпаратты алмағаны немесе уақтылы алмағаны бойынша талап қоюға құқығы жоқ. | 3.1. До заключения настоящего Договора Клиент представляет Брокеру документы, перечень которых определен в Приложении № 1 к настоящему Договору.<br>3.2. При исполнении настоящего Договора в течение всего срока его действия Брокер вправе запросить у Клиента иные (дополнительные) документы, в том числе, затребованные Сторонними организациями. Брокер вправе приостановить исполнение своих обязательств по Договору без какой-либо ответственности до момента предоставления Клиентом запрашиваемых Брокером документов, с чем Клиент согласен.<br>3.3. При заключении настоящего Договора Клиент указывает адрес своей электронной почты в статье 13 Договора (в реквизитах Клиента). Клиент выражает свое согласие, что основным средством связи между Брокером и Клиентом служит электронная почта, указанная в Договоре. Клиент обязан незамедлительно информировать Брокера об изменении адреса электронной почты в противном случае, информация, направляемая Брокером на ранее указанный Клиентом электронный адрес, считается полученной Клиентом.<br>В случае если при заключении настоящего Договора Клиент не указал адрес своей электронной почты, Клиент несет ответственность за неполучение/несвоевременное получение информации от Брокера, и не вправе предъявлять Брокеру какие-либо претензии, |

| | |
|---|---|
| | связанные с неполучением/несвоевременным получением информации от Брокера. |
| 3.4. Брокер Клиентке қаржы құралдарымен мәміле жасау туралы ұсыныстар бере алмайды, егер мұндай мәмілені орындау мүдделер қақтығысына әкеп соқтырса. | 3.4. Брокер не может давать рекомендации Клиенту о совершении сделки с финансовыми инструментами, если исполнение такой сделки приведет к возникновению конфликта интересов. |
| 3.5. Клиент Брокерге Клиент Кастодианында ОД ашылған шоттарына, сондай-ақ (мүмкіндік болған жағдайда) AIX CSD ашылған шоттарына қол жеткізуді қамтамасыз етеді. | 3.5. Клиент обеспечивает предоставление Брокеру доступа к счетам Клиента, открытым Кастодианом Клиента в ЦД, а также в AIX CSD (при наличии такой возможности). |
| **4. КЛИЕНТТІК ТАПСЫРЫСТАРДЫ/БҰЙРЫҚТАРДЫ ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ** | **4. ПОРЯДОК ИСПОЛНЕНИЯ КЛИЕНТСКИХ ЗАКАЗОВ/ПРИКАЗОВ** |
| 4.1. Клиенттің активтерімен жасалатын барлық мәмілелер/операциялар тек Клиент қол қойған және Брокердің Регламентінде белгіленген үлгілік нысандар бойынша ресімделген Клиенттің тапсырыстары /бұйрықтары негізінде ғана жүзеге асырылады. | 4.1. Все сделки/операции с активами Клиента заключаются исключительно на основании Клиентских заказов/приказов, оформленных по типовым формам, установленным Регламентом Брокера. |
| 4.2. Клиенттің тиісті түрде ресімделген және қол қойылған клиенттік тапсырысты/бұйрықты беруі клиенттің мәміле жасауға/Клиенттік тапсырыста/бұйрықта көрсетілген параметрлермен операцияны орындауға келісуінің даусыз фактісі болып табылады. | 4.2. Подача Клиентом надлежащим образом оформленного и подписанного Клиентского заказа/приказа является неоспоримым фактом согласия Клиента на заключение сделки/исполнение операции с указанными в Клиентском заказе/приказе параметрами. |
| 4.3. Клиенттің тапсырмалары (оның ішінде Клиенттік тапсырыс/бұйрық/мәлімдеме) Брокерге Клиенттің өкілі сенімхат арқылы уәкілеттік берілген және қол үлгілері бар нотариаттық куәландырылған құжатта көрсетілген тұлға арқылы, қағаз жеткізгіште және қол қойылған түрде ұсынылады. Қажет болған жағдайда, Брокер Клиенттің тапсырмасын (Клиенттік тапсырысты/бұйрықты/мәлімдемені) қабылдағаны туралы белгі қойғаннан кейін, Клиент тапсырмасының (Клиенттік тапсырыстың /бұйрықтың/ мәлімдеменің) түпнұсқасынан көшірме жасап, оны Клиентке береді. | 4.3. Поручения Клиента (в том числе, Клиентский заказ/приказ/заявление) предоставляется Клиентом Брокеру на бумажном носителе, подписанными представителем Клиента, уполномоченным доверенностью, и указанным в нотариально засвидетельствованном документе с образцами подписей. При необходимости, Брокер, после проставления отметки Брокера о принятии поручения Клиента (Клиентского заказа/приказа/заявления), снимает копию с оригинала поручения Клиента (Клиентского заказа/приказа/заявления) и передает его Клиенту. |
| 4.4. Клиент Брокерге Клиенттің тапсырмасын (Клиенттік өтінім/ бұйрық/ мәлімдеме) сканерленген көшірме түрінде электрондық пошта арқылы жіберуге құқылы (кейіннен Клиенттік тапсырыстың/ бұйрықтың түпнұсқасын ұсынумен). | 4.4. Клиент вправе подать Брокеру поручение Клиента (Клиентский заказ/приказ/заявление) в виде сканированной копии посредством электронной почты (с последующим предоставлением оригинала Клиентского заказа/приказа). |
| 4.5. Егер Клиенттік тапсырыс/бұйрық/мәлімдеменің сканерленген көшірмесі электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда, Клиент электрондық пошта арқылы жолданған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Брокерге осы Клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың/мәлімдеменің қағаз жеткізгіштегі түпнұсқасын ұсынуға міндетті, ол Клиенттің қол үлгілері көрсетілген нотариаттық куәландырылған құжатта белгіленген уәкілетті тұлғасы қол қойған және Клиенттің мөрімен расталған болуы тиіс. | 4.5. В случае подачи сканированной копии Клиентского заказа/приказа/заявления по электронной почте Клиент обязан в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты подачи Клиентского заказа/приказа/заявления по электронной почте, предоставить Брокеру оригинал такого Клиентского заказа/приказа/заявления на бумажном носителе, подписанный уполномоченным лицом Клиента, указанным в нотариально засвидетельствованном документе с образцами подписей, с печатью Клиента. |
| 4.6. Келісім-шарттың 4.4-тармақта көрсетілген тәсілдермен Клиенттік өтінімді / бұйрықты / мәлімдемені беруімен байланысты барлық тәуекелдерді толық көлемде Клиенттің өзі көтереді. | 4.6. Все риски, связанные с подачей Клиентского заказа/приказа/заявления способами, указанными в п. 4.4. Договора, несет исключительно Клиент. |
| 4.7. Қаржы құралдарын сатып алуға клиенттік тапсырысты беру кезінде Клиент мәміле жасау үшін Клиент Кастодианындағы шотта Клиенттік тапсырысты беру күніне дейін кемінде 1 (бір) | 4.7. При подаче Клиентского заказа на покупку финансовых инструментов, Клиент должен обеспечить наличие денег в достаточной для совершения сделки сумме на счете в |

| | |
|---|---|
| жұмыс күні бұрын жеткілікті сомада ақшаның болуын қамтамасыз етуге тиіс. | Кастодиане Клиента, не менее, чем за 1 (один) рабочий день до даты подачи Клиентского заказа. |
| 4.8. Қаржы құралдарын KASE/AIX биржаларында сатып алу бойынша Клиенттік тапсырыс берілген жағдайда, бұл тапсырыс Брокерге тиісті қаржы құралдары бойынша сауда-саттық аяқталуына кемінде 30 минут қалғанда ұсынылуы тиіс. Әйтпесе, клиенттік тапсырысты орындау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. Егер Клиенттік тапсырыстың мерзімі бір күн болса, Брокер мұндай Клиенттік тапсырысты орындамағаны үшін жауап бермейді | 4.8. При подаче Клиентского заказа на покупку финансовых инструментов на KASE/AIX, Клиентский заказ должен быть получен Брокером от Клиента не менее чем за 30 минут до окончания торгов по данному виду финансовых инструментов. В противном случае исполнение Клиентского заказа осуществляется на следующий рабочий день. В случае если срок Клиентского заказа составляет один день, Брокер не несет ответственности за неисполнение такого Клиентского заказа. |
| 4.9. Егер мәміле халықаралық бағалы қағаздар нарықтарында жасалатын болса, ал Клиенттік тапсырыс Сауда платформасынан тыс ұсынылса, онда мұндай тапсырыс Брокерге мәміле жасалатын күнгі Астана уақыты бойынша 18:00-ден кешіктірілмей ұсынылуы тиіс. Әйтпеген жағдайда, Клиенттік тапсырыс келесі жұмыс күні орындалады. Егер Клиенттік тапсырыстың қолданылу мерзімі бір күн болса, мұндай тапсырыстың орындалмағаны үшін Брокер жауап бермейді. | 4.9. В случае совершения сделки на международных рынках ценных бумаг Клиентский заказ должен быть получен Брокером от Клиента не позднее 18.00 часов времени г. Астана дня совершения сделки. В противном случае исполнение Клиентского заказа осуществляется на следующий рабочий день. В случае если срок Клиентского заказа составляет один день, Брокер не несет ответственности за неисполнение такого Клиентского заказа. |
| 4.10. Халықаралық Бағалы қағаздар нарығындағы мәмілелер бойынша есеп айырысу мерзімдері Брокерге тәуелді емес, осыған байланысты есеп айырысуларда қызмет көрсететін контрагенттердің, кастодиан - банктердің, халықаралық биржалардың және мәмілемен бірге жүретін басқа да Бөгде ұйымдардың регламентіне байланысты кідірістер болуы мүмкін. | 4.10. Сроки расчетов по сделкам на международном рынке ценных бумаг не зависят от Брокера, в связи с этим в расчетах возможны задержки в зависимости от регламента обслуживающих контрагентов, банков-кастодианов, международных бирж и других Сторонних организаций, сопровождающих сделку. |
| 4.11. Брокер Клиенттің кез келген тапсырмасын (соның ішінде, Клиенттік тапсырысты /бұйрықты/ кез келген мәлідемелерді) келесі жағдайларда қабылдамауға құқылы: | 4.11. Брокер имеет право не принимать к исполнению поручение Клиента (Клиентский заказ/приказ/заявление) в следующих случаях: |
| 1) Клиенттің тапсырмасының мазмұны Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасына, осы Келісім-шарттың талаптарына, Брокер Регламентіне қайшы келген кезде; | 1) при наличии противоречия содержания поручения Клиента законодательству Республики Казахстан о рынке ценных бумаг, условиям настоящего Договора, Регламенту Брокера; |
| 2) Клиенттің тапсырмасы Брокер Регламентінде белгіленген үлгілік нысандарға сәйкес келмеген жағдайда; | 2) в случае несоответствия поручения Клиента типовым формам, установленным в Регламенте Брокера; |
| 3) егер Клиент тапсырмасының мәтінінде қателер, өшірулер, қосымшалар, сызылып тасталған сөздер немесе басқа да түзетулер болса, не болмаса тапсырма дұрыс ресімделмеген жағдайда (соның ішінде Брокер белгілеген үлгілік нысанға сәйкес келмесе); | 3) в случае если текст поручения Клиента имеет ошибки, подчистки, приписки, зачеркнутые слова или иные исправления, либо если поручение Клиента неправильно оформлено (в т.ч. не соответствует установленной Брокером типовой форме); |
| 4) егер өзіне қатысты Клиенттің тапсырмасы ұсынылған қаржы құралдары ауыртпалыққа ұшыраса немесе брокерге байланысты емес себептер бойынша брокер үшін қолжетімсіз немесе шектелген есеп айырысулар болса; | 4) если финансовые инструменты, в отношении которых представлено поручение Клиента, обременены или расчеты, по которым недоступны или ограничены для Брокера по независящим от Брокера причинам; |
| 5) егер Клиент тапсырмасы қатысты қаржы құралдарына немесе осы қаржы құралдарының эмитенттеріне Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің қарарларына немесе өзге халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкес халықаралық санкциялар (эмбарго) қолданылатын болса, не Клиент тапсырмасын орындау нәтижесінде халықаралық санкциялық режимдердің бұзылу қаупі | 5) если к финансовым инструментам или эмитентам финансовых инструментов, в отношении которых представлено поручение Клиента, применяются международные санкции (эмбарго) в соответствии с резолюциями Совета Безопасности Организации Объединенных Наций или других международных организаций либо если в результате исполнения поручения |

| | |
|---|---|
| және/немесе Брокердің халықаралық қарсы тараптар алдындағы міндеттемелерін орындамау қаупі туындаса; | Клиента имеется риск нарушения международных санкционных режимов и/или риск неисполнения обязательств перед международными контрагентами Брокера; |
| 6) егер Клиентті Брокердің Регламентімен анықталған талаптар мен тәртіпке сәйкес қағаз нұсқадан басқа тәсілдермен Клиенттің тапсырмасы ұсынылған жағдайда сәйкестендіру мүмкін болмаса; | 6) в случае невозможности идентификации Клиента в соответствии с условиями и порядком, определенным Регламентом Брокера, при подаче поручения Клиента иными, чем на бумажном носителе, способами, предусмотренными внутренними документами Брокера; |
| 7) Клиенттің тапсырмасы (қағаз нұсқасында) бойынша қолтаңба үлгісінің нотариалды куәландырылған құжаттағы қолтаңба үлгілерімен көзбен шолу арқылы сәйкес келмеуі жағдайында, егер Клиенттің тапсырмасына Брокердің жауапты қызметкерінің қатысуымен қол қойылмаған болса. Бұл жағдайда Брокер Клиенттің тапсырмасында көрсетілген әрекеттерді жүзеге асыру ниетін растауды Клиенттен телефон байланысы және/немесе электрондық пошта және/немесе байланысудың басқа да тәсілдері арқылы сұратады; | 7) при визуальном несоответствии образца подписи на поручении Клиента (на бумажном носителе) подписям, указанным в нотариально засвидетельствованном документе с образцами подписей, в случае если поручение Клиента не было подписано Клиентом в присутствии ответственного работника Брокера. В данном случае Брокер запрашивает у Клиента подтверждение его намерения совершить действия, указанные в поручении Клиента, посредством телефонной связи и/или электронной почты и/или иными видами связи; |
| 8) Клиентте Клиенттің тапсырмасын орындау үшін жеткілікті ақша көлемі және (немесе) қаржы құралдары болмаған/жеткіліксіз болған жағдайда; | 8) в случае отсутствия/недостаточности у Клиента достаточного для исполнения поручения Клиента объема денег и (или) финансовых инструментов; |
| 9) Брокердің және (немесе) Бөгде ұйымдардың комиссияларының комиссияларын/шығыстарын төлеу бойынша Клиенттің берешегі болған жағдайда; | 9) в случае наличия задолженности Клиента по оплате комиссий/расходов Брокера и (или) комиссий Сторонних организаций; |
| 10) егер болжамды мәміленің шарттары бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56-бабында белгіленген манипуляциялау белгілеріне сәйкес келсе; | 10) если условия предполагаемой сделки соответствуют признакам манипулирования, установленным статьей 56 Закона о рынке ценных бумаг; |
| 11) Клиенттің тапсырмасындағы қол үлгілерінің нотариат куәландырған үлгілерге сәйкес келмеуі; | 11) несоответствия образцов подписей на поручении Клиента образцам, засвидетельствованным нотариально; |
| 12) КЖ/ТҚҚ заңнамасында көзделген негіздер болған жағдайда; | 12) в случае наличия оснований, предусмотренных законодательством ПОД/ФТ; |
| 13) Осы Келісім-шарттың 4.5-тармағына сәйкес Клиенттің тапсырмаларының түпнұсқалары ұсынылмаған жағдайда – алдыңғы Клиент тапсырмаларының түпнұсқалары келіп түскенге дейін; | 13) в случае непредставления Клиентом оригиналов поручений Клиента согласно п.4.5. настоящего Договора - до поступления оригиналов предыдущих поручений Клиента; |
| 14) Егер Клиент осы Келісім-шартта көзделген мерзімдерде және тәртіпте Брокердің шығындарын, Брокердің/Бөгде ұйымдарының комиссияларын төлемесе; | 14) в случае если Клиент не производит оплату расходов Брокера, комиссий Брокера/Сторонних организаций в сроки и порядке, предусмотренные настоящим Договором; |
| 15) Егер Клиенттің тапсырмасы «қайтарымды репо» операциясының нысаны болып табылатын бағалы қағаздарды сату немесе аударуды көздесе; | 15) в случае если поручение Клиента предусматривает продажу или перевод ценных бумаг, являющихся предметом операции "обратное репо"; |
| 16) Егер Клиенттің тапсырмасы немесе Клиенттің тапсырысы/бұйрығы «тікелей репо» мәмілесін жасауға байланысты болса; | 16) в случае если поручение Клиента предусматривает заключение сделки "прямое репо"; |
| 17) Келісім-шартта, ҚР нормативтік құқықтық актілерінде және (немесе) Брокердің Регламентінде көзделген өзге де жағдайларда. | 17) в иных случаях, предусмотренных Договором, нормативными правовыми актами РК и (или) Регламентом Брокера. |
| 4.12. Келісімнің 4.11-тармағында көрсетілген кез келген негіздің болуы жағдайында Брокер Клиентке Клиенттің тапсырмасын (Клиенттің тапсырысын/бұйрығын/мәлімдемесін) орындаудан бас тартқандығы туралы | 4.12. При наличии любого из оснований, предусмотренных п.4.11. Договора, Брокер извещает Клиента об отказе в принятии поручения Клиента (Клиентского заказа/приказа/заявления) к исполнению. При |

| | |
|---|---|
| хабарлайды. Сонымен бірге Клиентке тапсырманы қабылдамау және орындамау туралы және оның орындалмау себептері туралы хабарлама (еркін түрде) жіберіледі. | этом Клиенту направляется уведомление (в произвольной форме) об отказе в принятии и исполнении поручения Клиента (Клиентского заказа/приказа/заявления) и причинах его неисполнения. |
| 4.13. Клиенттің тапсырысы/бұйрығы мәміле нақты жасалмай немесе операция орындалмай тұрып, Клиенттің стандартты үлгі бойынша дайындалған тапсырысты болдырмау туралы бұйрығын беруі арқылы болдырылуы мүмкін, ол бұйрық Клиент тарапынан қолжетімді кез келген байланыс құралдарымен дереу Брокерге жіберіледі. Мұндай Клиенттік бұйрық электрондық пошта арқылы жіберілген жағдайда, Клиент 10 (он) жұмыс күні ішінде Клиент бұйрығының күшін жою туралы түпнұсқасын Брокерге ұсынуға міндетті. Клиенттің тапсырысы/бұйрығы Брокер мәміле жасасқаннан немесе операцияны орындағаннан кейін Клиенттің тарапынан жойылуға жатпайды, және Клиент Брокер жасасқан мәмілелерден/Клиенттің тапсырысы/бұйрығы бойынша орындалған операциялардан туындайтын барлық міндеттемелерді, соның ішінде барлық қажетті комиссияларды төлеуді өз мойнына алуға міндеттенеді. | 4.13. Клиентский заказ может быть отменен Клиентом до момента фактического заключения сделки путем подачи Клиентом Клиентского приказа на отмену, составленному по типовой форме, который незамедлительно передается Клиентом Брокеру любыми доступными средствами связи. В случае передачи такого Клиентского приказа по электронной почте Клиент обязан в течение 10 (десяти) рабочих дней передать Брокеру оригинал Клиентского приказа на отмену. Клиентский заказ не может быть отменен Клиентом после заключения сделки Брокером, и Клиент обязуется принять на себя все обязательства, вытекающие из заключенных Брокером сделок по Клиентскому заказу Клиента, в том числе, уплатить все необходимые комиссии. |
| 4.14. Егер Клиенттік тапсырыс орындалған болса, Брокер Клиенттен осындай орындалған Клиенттік тапсырысты жоюға Клиенттік бұйрықты қабылдамайды. | 4.14. В случае если Клиентский заказ уже исполнен, Клиентский приказ на отмену такого исполненного Клиентского заказа Брокером от Клиента не принимается. |
| 4.15. Клиенттік тапсырыстың/бұйрықтың орындалғаны/орындалмағаны туралы Клиентті хабардар ету тәртібі мен мерзімдері Брокердің Регламентінде белгіленеді. | 4.15. Порядок и сроки уведомления Клиента об исполнении/неисполнении Клиентского заказа/приказа установлен Регламентом Брокера. |
| 4.16. Клиенттің Брокерге Клиенттік тапсырысты/бұйрықты немесе өзге де нұсқауды беру мүмкіндігі болмаған жағдайда (техникалық немесе өзге де себептер бойынша), Клиент мұндай мүмкіндіктің болмауына байланысты Брокерге талап қоюға құқылы емес. | 4.16. В случае отсутствия у Клиента возможности (по техническим или иным причинам) подать Клиентский заказ/приказ или иное поручение Брокеру, Клиент не вправе предъявлять претензии Брокеру в связи с таким отсутствием возможности. |
| 4.17. Клиентке бағалы қағаздар нарығында кез келген түрдегі манипуляциялар, инсайдерлік сауда, жасанды түрде сауда белсенділігін арттыру, жоғары жиілікті трейдинг, жалған мәмілелер жасау және бағалы қағаздар нарығында тыйым салынған өзге де сауда әрекеттерін жүзеге асыруға, сондай-ақ кез келген заңсыз қызметке, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қатысуға қатаң тыйым салынады. | 4.17. Клиенту запрещается осуществлять любые виды манипулирования на рынке ценных бумаг, инсайдерскую торговлю, искусственное раздувание активности, высокочастотный трейдинг, фиктивные сделки и иные запрещенные на рынках ценных бумаг виды торговой активности, а также принимать участие в любой противоправной деятельности, включая отмывание доходов, полученных преступным путем и финансирование терроризма. |
| **5. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ** | **5. ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН** |
| 5.1 Клиент міндетті:<br>5.1.1. осы Келісім-шартта айқындалатын тәртіппен және жағдайларда Клиенттік тапсырыстар/бұйрықтар/мәлімдемелер негізінде жасалатын Клиенттің активтерімен операцияларға (активтерді сақтауды қоса алғанда) тікелей байланысты Брокердің, Бөгде ұйымдардың комиссияларының комиссиялары мен шығыстарын төлеуге;<br>5.1.2. Егер Клиенттің Клиенттік тапсырысы/бұйрығы бойынша Брокер жасасқан мәміле бойынша өз | 5.1. Клиент обязан:<br>5.1.1. оплачивать комиссии и расходы Брокера, комиссии Сторонних организаций, непосредственно связанные с операциями с активами Клиента (включая хранение активов), совершаемыми на основании Клиентских заказов/приказов, в порядке и на условиях, определяемых настоящим Договором;<br>5.1.2. в случае если в связи с неисполнением Клиентом обязательств по сделке, |

| | |
|---|---|
| міндеттемелерін орындамауына байланысты не Брокердің Клиенттің кінәсінен мәміле жасасуы мүмкін болмаған жағдайда (соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: Клиенттің шоттарында, соның ішінде Клиент Кастодианындағы, қаржы құралдарының/ақша қаражатының болмауы немесе жеткіліксіз болуы), мәмілені/операцияны орындауға қатысатын Бөгде ұйымдардан, Есеп айырысу ұйымдарынан Брокерге айыппұл санкциялары салынған болса, Клиент Брокердің осындай айыппұл санкциялары бойынша шығындарын Брокердің хабарламасында көрсетілген мерзімде толық көлемде өтеуге міндетті; | заключенной Брокером в соответствии с Клиентским заказом/приказом Клиента, либо в связи с невозможностью заключения Брокером сделки по вине Клиента (включая, но не ограничиваясь: отсутствием/недостаточностью финансовых инструментов/денег на счетах Клиента, в том числе, в Кастодиане Клиента), Брокеру будут выставлены штрафные санкции со стороны любых Сторонних организаций, Расчетных организаций, участвующих в исполнении сделки/операции, возместить Брокеру суммы таких штрафных санкций в полном объеме в срок, указанный в уведомлении Брокера; |
| 5.1.3. Клиент Кастодиандағы шоттарында ақша қаражаттары/қаржы құралдарының қалдықтары шегінде қаржы құралдарын сатып алу/сатуға Клиенттік тапсырыстарды беруге; | 5.1.3. подавать Клиентские заказы на покупку/продажу финансовых инструментов в пределах остатков денег/финансовых инструментов на счетах Клиента в Кастодиане Клиента; |
| 5.1.4. Клиенттік тапсырыс/бұйрық/мәлімдеме электрондық пошта арқылы берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, Клиент осындай тапсырыстың/ бұйрықтың/мәлімдеменің түпнұсқасын Брокерге қағаз нұсқасында ұсынуға міндетті, құжат Клиенттің қолтаңба үлгілері көрсетілген нотариат куәландырған құжатта аталған уәкілетті тұлғасы қол қойған және Клиенттің мөрімен расталуы тиіс; | 5.1.4. в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты подачи Клиентского заказа/приказа/заявления по электронной почте, предоставить Брокеру оригинал такого Клиентского заказа на бумажном носителе, подписанный уполномоченным лицом Клиента, указанным в нотариально засвидетельствованном документе с образцами подписей, с печатью Клиента; |
| 5.1.5. Клиенттік тапсырыс/бұйрық/мәлімдеме Брокер оны орындағанға дейін жойылған жағдайда, Брокер шеккен нақты шығындарды өтеуге міндетті; | 5.1.5. в случае отмены Клиентского заказа/приказа/заявления до его выполнения Брокером оплатить фактически понесенные Брокером расходы; |
| 5.1.6. Осы Келісім-шарт жасалған кезде Клиент Брокерге ұсынған құжаттар мен ақпараттағы өзгерістер туралы Брокерді жазбаша түрде 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етуге, сондай-ақ Брокерге Клиент туралы мәліметтерді өзгерту туралы Клиенттік бұйрықты және мұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндетті (оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: Клиенттің атауының өзгеруі, Клиенттің ұйымдық-құқықтық нысанының өзгеруі, Клиенттің құрылтайшылары/акционерлері құрамының өзгеруі, Клиенттің бенефициарлық меншік иелері құрамының өзгеруі, Клиенттің лауазымды тұлғалары құрамының өзгеруі, Клиент атынан құжаттарға қол қоюға уәкілетті өкілдерінің өзгеруі, Клиенттің негізгі қызмет түрінің өзгеруі, Клиенттің төлем деректемелерінің өзгеруі, Клиенттің байланыс ақпаратының (соның ішінде телефон нөмірі), заңды немесе нақты мекенжайының, электрондық пошта адресінің өзгеруі); | 5.1.6. в течение 3 (трех) рабочих дней извещать Брокера в письменной форме об изменениях, в документах и информации, предоставленной Клиентом Брокеру при заключении настоящего Договора, с одновременным предоставлением Брокеру Клиентского приказа на изменение сведений и Клиенте и копий документов, подтверждающих такие изменения (включая, но не ограничиваясь, изменение наименования Клиента, организационно-правовой формы Клиента, состава учредителей/акционеров Клиента, состава бенефициарных собственников Клиента, состава должностных лиц Клиента, представителей Клиента, уполномоченных подписывать документы от имени Клиента, основного вида деятельности Клиента, платежных реквизитов Клиента, контактной информации Клиента (в т.ч. номера телефона), юридического или фактического адреса Клиента, адреса электронной почты); |
| 5.1.7. Клиенттің активтерімен мәмілелер жасау үшін қажетті барлық құжаттарды уақтылы ұсынуға; | 5.1.7. своевременно представлять все необходимые документы для осуществления сделок с активами Клиента; |
| 5.1.8. Осы Келісім-шарт жасалған кезде Клиентті (оның өкілдерін) сәйкестендіру, Клиенттің бенефициарлық меншік иелерін анықтау үшін қажетті мәліметтер мен құжаттарды, сондай-ақ жүргізілетін операциялардың қызмет түрі мен қаржыландыру көзі туралы мәліметтерді Брокерге ұсынуға міндетті; | 5.1.8. при заключении настоящего Договора предоставлять Брокеру сведения и документы, необходимые для идентификации Клиента (его представителей), для выявления бенефициарных собственников Клиента, предоставлять сведения о роде деятельности и источнике финансирования совершаемых операций; |
| 5.1.9. Брокер белгілеген үлгілік нысандарға сәйкес | 5.1.9. подавать Брокеру Клиентские |

| | |
|---|---|
| толтырылған Клиенттің бұйрықтарын/тапсырыстарын, ақша аудару/валюта айырбастау мәлідемелерін Брокерге ұсынуға міндетті; | заказы/приказы/заявления, оформленные по типовым формам, установленным Брокером; |
| 5.1.10. егер Клиентке тиесілі бағалы қағаздар бойынша осындай бағалы қағаздар эмитенті корпоративтік оқиға жүргізсе, Клиенттің мұндай корпоративтік оқиғаға қатысуы Брокер арқылы емес, Клиент Кастодианы арқылы жүргізіледі; | 5.1.10. в случае если по ценным бумагам, принадлежащим Клиенту, эмитентом таких ценных бумаг проводится корпоративное событие, участие Клиента в таком корпоративном событии проводится через Кастодиана Клиента, а не через Брокера; |
| 5.2. Клиент құқылы: | 5.2. Клиент вправе: |
| 5.2.1. Клиенттік тапсырыстардың / бұйрықтардың орындалуы / орындалмауы туралы Брокерден хабарламаларды Брокердің Регламентінде белгіленген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес алуға; | 5.2.1. получать от Брокера уведомления об исполнении/неисполнении Клиентских заказов/приказов в порядке и сроки, установленные Регламентом Брокера; |
| 5.3. Брокер міндетті: | 5.3. Брокер обязан: |
| 5.3.1. Клиенттің тапсырмаларының (оның ішінде Клиенттік тапсырыстардың/ бұйрықтардың/ мәлідемелердің) орындалғаны немесе орындалмағаны туралы хабарламаларды Брокердің Регламентінде көзделген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес Клиентке жолдау; | 5.3.1. направлять Клиенту уведомления об исполнении/неисполнении поручений Клиента (в том числе, Клиентских заказов/приказов/заявлений) в порядке и сроки, предусмотренные Регламентом Брокера; |
| 5.3.2. Клиенттің есебінен және мүддесі үшін жасалуы жоспарланып отырған қаржы құралдарымен жасалатын мәмілеге қатысты белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы Клиентті, мұндай хабарлама жіберуге негіз пайда болған күні, Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында және/немесе электрондық пошта арқылы, не басқа да мүмкін байланыс құралдары арқылы хабардар ету. Егер клиенттің есебінен және мүддесінде жасалуы болжанатын не клиенттің клиенттік тапсырысы негізінде жасалған мәміленің талаптары бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 56-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келсе, Брокер Клиентке Келісім-шарттың осы тармақшасында көрсетілген хабарламаны жіберумен бір мезгілде уәкілетті органға осы хабарламаның көшірмесін жібереді; | 5.3.2. уведомлять Клиента об ограничениях и особых условиях, установленных в отношении сделки с финансовыми инструментами, предполагаемой к совершению за счет и в интересах Клиента, путем размещения на корпоративном интернет-ресурсе Брокера и/или по электронной почте и/или иными возможными видами связи в день возникновения основания отправки такого уведомления. Если условия сделки, предполагаемой к совершению за счет и в интересах Клиента либо заключенной на основании Клиентского заказа Клиента, соответствуют условиям, установленным статьей 56 Закона о рынке ценных бумаг, Брокер одновременно с направлением Клиенту уведомления, указанного в настоящем подпункте Договора, направляет в уполномоченный орган копию этого уведомления; |
| 5.3.3. Төменде көрсетілген оқиғалар туралы Клиентке Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында ақпарат орналастыру арқылы хабарлау: | 5.3.3. уведомлять Клиента о следующих событиях путем размещения информации на корпоративном интернет-ресурсе Брокера: |
| 1) уәкілетті орган қатарынан соңғы 12 (он екі) күнтізбелік ай ішінде брокерге қолданған әкімшілік жазаларды қоспағанда, санкциялар туралы. Әкімшілік жаза түріндегі санкциялар бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап қатарынан күнтізбелік соңғы 12 (он екі) ай ішінде Брокерге әкімшілік жаза қолдану туралы мәліметтер ұсынылады; | 1) о санкциях, за исключением административных взысканий, примененных уполномоченным органом к Брокеру в течение последних 12 (двенадцати) последовательных календарных месяцев. По санкциям в виде административного взыскания предоставляются сведения о наложении административного взыскания на Брокера за последние 12 (двенадцать) последовательных календарных месяцев со дня окончания исполнения постановления о наложении административного взыскания; |
| 2) хабарламаның негізі туындаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы Келісім-шартқа сәйкес жасауға (жасасуға) болжанатын қаржы құралдарымен мәмілелерге қатысты ҚР заңнамасында белгіленген шектеулер мен ерекше жағдайлар туралы. | 2) об ограничениях и особых условиях, установленных законодательством РК в отношении сделок с финансовыми инструментами, которые предполагаются к заключению (заключенных) в соответствии с настоящим Договором, в течение 3 (трех) рабочих дней со дня возникновения основания уведомления. |

| | |
|---|---|
| 5.3.4. Егер лицензияның күші тоқтатылса, уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Клиентке электрондық пошта арқылы жеке хабарлама жіберу және Клиенттер үшін қолжетімді орындарда (бас кеңседегі ғимаратта және Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында) хабарландырулар орналастыру арқылы осы туралы хабарлау; | 5.3.4. в случае приостановления действия лицензии в течение 3 (трех) календарных дней с даты получения уведомления уполномоченного органа сообщить об этом Клиенту путем направления индивидуального извещения по электронной почте и размещения объявлений в легкодоступных для Клиентов местах (в помещениях головного офиса, а также на корпоративном интернет-ресурсе Брокера); |
| 5.3.5. Егер лицензиясынан айрылса, уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Брокер Клиентке электрондық пошта арқылы лицензиядан айрылу себебінен келісімді тоқтату туралы жеке хабарлама жібереді; | 5.3.5. в случае лишения лицензии Брокер в течение 3 (трех) календарных дней со дня получения уведомления уполномоченного органа сообщает об этом Клиенту по электронной почте путем направления индивидуального извещения о расторжении Договора по причине лишения лицензии; |
| 5.3.6. ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, осы Келісім-шарт бойынша мәмілелер жасау кезінде Брокерге белгілі болған Клиенттің активтері туралы коммерциялық құпияны сақтау; | 5.3.6. соблюдать коммерческую тайну об активах Клиента, ставшую известной Брокеру при совершении сделок по настоящему Договору, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК; |
| 5.3.7. Осы Шартты жасасу және орындау барысында мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі және нақты туындауы туралы Клиентті хабардар ету. Мұндай хабарлама жіберуге негіз пайда болған күні Клиентке электрондық пошта арқылы жолданады; | 5.3.7. в процессе заключения и исполнения настоящего Договора уведомлять Клиента о возможностях и фактах возникновения конфликта интересов. Данное уведомление направляется Клиенту по электронной почте в день возникновения основания отправки такого уведомления; |
| 5.3.8. Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды орындау барысында тек қана Клиенттің мүдделерін сақтау, Клиент ұсынған құпия ақпаратты өз мүддесінде, өз қызметкерлерінің, акционерінің, аффилиирленген тұлғаларының немесе үшінші тұлғалардың мүддесінде пайдаланбау, ҚР заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда; | 5.3.8. при исполнении Клиентских заказов/приказов соблюдать исключительно интересы Клиента, не использовать предоставленную Клиентом конфиденциальную информацию в своих собственных интересах, интересах своих работников, акционера, аффилированных лиц или третьих лиц, за исключением случаев, которые установлены законодательством РК; |
| 5.3.9. Осы Шартқа сәйкес жасалған, оған қатысты шектеулер мен ерекше шарттар белгіленген бағалы қағаздармен мәміле туралы уәкілетті органды, мұндай мәміле жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей, хабардар ету. | 5.3.9. информировать уполномоченный орган о сделке с ценными бумагами, совершенной в соответствии с настоящим Договором, в отношении которой установлены ограничения и особые условия, не позднее дня, следующего за днем заключения такой сделки. |
| 5.4. Брокер құқылы: | 5.4. Брокер вправе: |
| 5.4.1. Келісім-шарттың 4.11-тармағында көзделген жағдайларда Клиенттің кез келген тапсырмаларын (Клиенттік тапсырыстарды/бұйрықтарды/ мәлідемелерді) орындауға қабылдамау; | 5.4.1. не принимать к исполнению любые поручения Клиента (Клиентские заказы/приказы/заявления) в случаях, предусмотренных п.4.11. Договора; |
| 5.4.2. ОД/KASE/AIX/AIX CSD ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Клиенттің сұратылатын құжаттарын ОД/KASE / AIX / AIX CSD ұсыну; | 5.4.2. предоставлять ЦД/KASE/AIX/AIX CSD запрашиваемые документы Клиента в соответствии с требованиями внутренних документов ЦД/KASE/AIX/ AIX CSD; |
| 5.4.3. осы Келісім-шартта, брокердің Регламентінде және (немесе) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылға байланысты мәселелерді реттейтін Брокердің ішкі құжаттарында көзделген жағдайларда Клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату; | 5.4.3. прекратить деловые отношения с Клиентом в случаях, предусмотренных настоящим Договором, Регламентом Брокера и (или) внутренними документами Брокера, регулирующими вопросы, связанные с противодействием легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма; |
| 5.4.4. әдетте номиналды ұстаушы беретін мәмілелер бойынша қандай да бір есепті құжаттарды беру бойынша Клиент алдындағы міндеттемесіз | 5.4.4. вести внутренний учет сделок Клиента (портфеля Клиента) без обязательства перед Клиентом по выдаче каких-либо отчетных |

| | |
|---|---|
| Клиенттің (Клиент портфелінің) мәмілелерінің ішкі есебін жүргізу;<br>5.4.5. KASE және AIX алаңдарында мәмілелер жасасу әдістерін өздігінен анықтау. | документов по сделкам, обычно выдаваемых номинальным держателем;<br>5.4.5. самостоятельно определять методы заключения сделок на KASE и AIX. |
| **6. БРОКЕР КОМИССИЯСЫ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ** | **6. КОМИССИЯ БРОКЕРА И ПОРЯДОК РАСЧЕТОВ** |
| 6.1. Брокердің комиссиясы Брокердің бекітілген тарифтеріне сәйкес есептеледі. Осы Келісім-шарт қолданылатын мерзім ішінде Брокердің тарифтері өзгеруі мүмкін. Тарифтердің өзгергені туралы Брокер Клиентті Келісім-шарттың 9.4-тармағында көзделген мерзімде хабардар етеді.<br>6.2. Брокердің комиссиясынан бөлек, Клиент Брокердің шығындарын төлеуге, сондай-ақ – егер ондайлар болса – Брокерге KASE, ОД, AIX, AIX CSD, Бөгде ұйымдар, клирингтік ұйымдар, қызмет көрсететін банктер (соның ішінде корреспонденттік банктер) белгілеген тарифтерге сәйкес комиссияларды өтеуге міндетті, егер олар Клиенттің активтерімен жасалған операциялар нәтижесінде тікелей Брокерде туындаса.<br>6.3. Клиент өз активтерімен жасалған операциялардан туындайтын барлық шығындар үшін (оның ішінде Клиентке тиесілі қаржы құралдарына қатысты есептелген кез келген салықтар немесе Клиентке көрсетілген кез келген қызмет нәтижесінде туындаған шығындар) жауапты болады.<br>6.4. Клиент ай сайын Брокердің комиссиясын, шығындарын төлейді және Клиенттің активтерімен операцияларды тікелей жүзеге асыруға қатысқан үшінші тұлғалардың, Бөгде ұйымдардың қызметтері құнын Брокер ұсынған төлем шоттары/шот-фактуралар берілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Брокердің шотына ақша аудару арқылы өтейді.<br>6.5. Брокердің алатын комиссиялары туралы есептер (комиссиялардың ажыратуы) Клиенттің жазбаша сұрауы негізінде беріледі.<br>6.6. Брокер есепті айдан кейінгі айдың 5 (бесінші) жұмыс күнінен кешіктірмей Клиентке белгіленген нысанда орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) туралы актіні және төлем шотын ұсынады. | 6.1. Комиссия Брокера рассчитывается согласно утвержденным тарифам Брокера. Тарифы Брокера могут измениться в течение срока действия Договора. Брокер уведомляет Клиента об изменении тарифов в срок, предусмотренный п.9.4. Договора.<br>6.2. Помимо комиссии Брокера, Клиент обязан оплачивать расходы Брокера, а также – при наличии таковых – возмещать Брокеру комиссии KASE, ЦД, AIX, AIX CSD, Сторонних организаций, клиринговых организаций, обслуживающих банков (в т.ч. банков-корреспондентов) в соответствии с установленными ими тарифами, возникающие непосредственно у Брокера вследствие совершения операций с активами Клиента.<br>6.3. Клиент несет ответственность за все расходы (включая любые налоги, исчисленные в отношении финансовых инструментов, принадлежащих Клиенту, или в результате любой оказанной услуги Клиенту), вытекающие из операций с активами Клиента.<br>6.4. Клиент ежемесячно оплачивает комиссию, расходы Брокера и возмещает стоимость услуг третьих лиц, Сторонних организаций, непосредственно задействованных в операциях с активами Клиента, в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты выставления Брокером счетов на оплату/счетов-фактур, путем зачисления денег на счет Брокера.<br>6.5. Отчеты Брокера по взимаемым комиссиям (расшифровка комиссий) предоставляются Клиенту на основании его письменного запроса.<br>6.6. Брокер ежемесячно, не позднее 5-го рабочего дня месяца, следующего за отчетным, предоставляет Клиенту акт выполненных работ (оказанных услуг) по установленной форме и счет на оплату. |
| **7. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ** | **7. ОТВЕТСТВЕННОСТЬ СТОРОН** |
| 7.1. Осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Тараптар ҚР заңнамасына және осы Келісім-шартқа сәйкес жауапты болады.<br>7.2. Клиент осы Келісім-шартқа сәйкес Брокердің комиссиялары, Брокердің шығыстары, Бөгде ұйымдардың немесе Клиенттің активтерімен операцияларға тікелей қатысатын өзге де тұлғалардың комиссиялары бойынша төлем мерзімін бұзған жағдайда, Клиент төленуге тиіс сомадан әрбір кешіктірілген күн үшін 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде, бірақ төленуге тиіс соманың 10%-ынан аспайтын көлемде Брокерге | 7.1. За неисполнение и (или) ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Договору Стороны несут ответственность в соответствии с законодательством РК и настоящим Договором.<br>7.2. В случае нарушения Клиентом срока оплаты сумм комиссий Брокера, расходов Брокера, комиссий Сторонних организаций, или иных лиц, непосредственно задействованных в операциях с активами Клиента в соответствии с настоящим Договором, Клиент уплачивает Брокеру пеню в размере 0,1 (ноль целых одна десятая) процента от суммы, подлежащей оплате, за каждый день |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өсімақы төлейді. | | просрочки, но не более 10% от суммы, подлежащей оплате. |
| 7.3. | Осы Келісім-шарттың 3.4-тармағында көзделген талапты (яғни, Брокердің ұсыным беруі нәтижесінде мүдделер қақтығысының туындауы) Брокер бұзған жағдайда, Брокер Клиентке осындай бұзушылықтың нәтижесінде келген және құжаттармен расталған шығындарын өтейді, сондай-ақ мүдделер қақтығысына әкелген мәміле сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде айыппұл (айыпақы) төлейді. | 7.3. | В случае нарушения Брокером требования, предусмотренного п.3.4. настоящего Договора (т.е. в случае возникновения конфликта интересов в результате предоставления Брокером рекомендации), Брокер выплачивает Клиенту документально подтвержденные убытки, понесенные последним в результате такого нарушения, и неустойку (штраф) в размере 0,1 (ноль целых одна десятая) от суммы сделки, которая привела к конфликту интересов. |
| 7.4. | Егер Клиенттің Клиенттік тапсырысына/Клиенттің бұйрығына сәйкес Брокер жасаған мәміле бойынша Клиенттің міндеттемелерін орындамауына байланысты Брокерге мәмілені орындауға қатысатын кез келген ұйымдар (оның ішінде Бөгде ұйымдар) тарапынан айыппұл санкциялары қойылған жағдайда, Клиент Брокерге осындай айыппұл санкцияларын толық көлемде өтеуге міндетті. Брокер Клиентке шот ұсынады, оны Клиент шот ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлеуге міндетті. | 7.4. | В случае если в связи с неисполнением Клиентом обязательств по сделке, заключенной Брокером в соответствии с Клиентским заказом Клиента, Брокеру будут выставлены штрафные санкции со стороны любых организаций, участвующих в исполнении сделки (в т.ч. Сторонних организаций), Клиент обязан возместить Брокеру такие штрафные санкции в полном объеме. Брокер выставляет Клиенту счет, который Клиент обязан оплатить в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты выставления счета. |
| 7.5. | Осы Келісім-шарттың талаптарын Клиенттің бұзуы нәтижесінде Брокер уәкілетті орган, өзге де мемлекеттік органдар немесе Бөгде ұйымдар тарапынан жауапкершілікке тартылған жағдайда, Клиент Брокерге келтірілген залалды, оның ішінде Брокерге салынған айыппұл санкцияларының сомасын толық көлемде өтеуге міндетті. | 7.5. | В случае если в результате нарушения Клиентом требований настоящего Договора, Брокер будет привлечен к ответственности уполномоченным органом или иными государственными органами или Сторонними организациями, Клиент обязан возместить Брокеру убытки, причиненные Брокеру, в полном объеме, включая суммы штрафных санкций, наложенных на Брокера. |
| 7.6. | Тараптың айыппұл санкцияларын төлеуді талап ету құқығын пайдалануы екінші Тарапқа олардың есептелгені туралы хабарлама жіберу болып есептеледі. Айыппұл төлеу туралы талап қою Тараптың міндеті емес, құқығы болып табылады. | 7.6. | Использованием Стороной права требования уплаты штрафных санкций считается направление другой Стороне уведомления об их начислении. Предъявление требования об уплате штрафных санкций является правом, а не обязанностью Стороны. |
| 7.7. | Брокер қаржы құралдарын шығарушы эмитенттердің әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін, соның ішінде олар шығарған қаржы құралдары бойынша төлемдердің жүргізілмеуіне қатысты, Клиент алдында жауапты болмайды, бұл жағдайларға, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады: эмитент жариялаған, бірақ төлемеген дивидендтер, купондық төлемдер немесе қаржы құралдары бойынша өзге де кірістер. Брокер эмитент тарапынан дивидендтер, купондық төлемдер немесе өзге де кірістер сомаларынан салықтар мен басқа да ақшалай сомалардың негізсіз ұстап қалынуы үшін Клиент алдында жауапты емес. | 7.7. | Брокер не несет ответственности перед Клиентом за действия или бездействие эмитентов финансовых инструментов, в том числе, в отношении невыплат по выпущенным им финансовым инструментам, включая, но не ограничиваясь: объявленных, но не выплаченных эмитентом дивидендов, купонных выплат или иных доходов по финансовым инструментам. Брокер не несет ответственности перед Клиентом за неправомерное удержание эмитентом налогов и любых других сумм денег из сумм начисленных дивидендов, купонных выплат или иных доходов. |
| 7.8. | Брокер Клиенттің тапсырмалары/бұйрықтары бойынша мәмілелерге қызмет көрсететін, оларды жасасуға немесе орындауға қатысатын үшінші тұлғалардың әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін Клиент алдында жауапты емес. | 7.8. | Брокер не несет ответственности перед Клиентом за действия или бездействие третьих лиц, обслуживающих или участвующих в сделках по Клиентским заказам, равно как и исполняющих или участвующих в их исполнении. |
| 7.9. | Брокер осы Келісім-шарт бойынша өз | 7.9. | Брокер не несет ответственности перед |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | міндеттемелерін Клиенттің орындамауы немесе тиісінше орындамауы нәтижесінде туындаған залалдар үшін, соның ішінде Клиенттің өзінің анкеталық деректерінің (банктік деректемелер, байланыс мәліметтері, уәкілетті өкілдердің өкілеттіктерінің жарамдылығы және т.б.) өзгергені туралы Брокерге хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы салдарынан келтірілген залалдар үшін Клиент алдында жауапты емес. | | Клиентом за убытки, причинение которых явилось результатом неисполнения либо ненадлежащего исполнения Клиентом своих обязательств по настоящему Договору, в том числе, связанные с не уведомлением/несвоевременным уведомлением Клиентом Брокера об изменении своих анкетных данных (банковские реквизиты, контактные сведения, действительности полномочий доверенных лиц и пр.). |
| 7.10. | Брокер бағалы қағаздарға (жазбаша немесе ауызша) инвестициялаудың орындылығына қатысты немесе қандай да бір бағалы қағаздарға немесе жалпы инвестицияларға байланысты ешқандай мәлімдемелер, кепілдіктер немесе ұсыныстар бермейді, тек Клиентке бағалы қағаздармен сауда жасау кезінде Клиент үшін туындайтын тәуекелдердің жалпы сипаты мен сипаттамасын беруді қоспағанда. | 7.10. | Брокер не делает никаких заявлений и не дает никаких гарантий относительно целесообразности инвестирования в ценные бумаги (в письменной или устной форме), а также в связи с любыми ценными бумагами или с инвестициями в целом, за исключением предоставления Клиенту описания общего характера и рисков, которые возникают у Клиента при торговле ценными бумагами. |
| 7.11. | Клиент осы Келісім-шарт шеңберінде қаржы нарықтарындағы инвестициялармен байланысты барлық ықтимал тәуекелдерді өз мойнына алады. Брокер Клиентке инвестициялау немесе Клиенттің кірістері бойынша салық салу мәселелері жөнінде қандай да бір кеңес беру қызметтерін көрсетпейді. | 7.11. | Клиент принимает на себя любые возможные риски, связанные с инвестициями на финансовых рынках в рамках настоящего Договора. Брокер не оказывает Клиенту каких-либо консультационных услуг по вопросам инвестирования или налогообложения по доходам Клиента. |
| 7.12. | Клиент қандай да бір бағалы қағаздарды сатып алу және/немесе сату бойынша тәуекелдерді бағалау жауапкершілігін толықтай өз мойнына алады.<br>Осы арқылы Клиент бағалы қағаздар нарығындағы қызметпен байланысты жүйелі және жүйесіз тәуекелдердің бар екенін толық түсінетінін мәлімдейді. Брокер бағалы қағаздарды сатып алу немесе сату туралы Клиент қабылдаған шешімге байланысты Клиентке келтірілген қандай да бір залал немесе шығын үшін жауапты емес, өйткені Брокер Клиент берген тапсырма/бұйрықтың жағдайлары мен параметрлеріне сәйкес әрекет етеді. Клиент қаржы құралдарының нарықтық бағаларының өзгеруі мүмкін екенін, яғни олардың жоғарылауы да, төмендеуі де ықтимал екенін, және бұл бағалардың өзгеруі Брокердің бақылауынан тыс екенін толық түсінеді. | 7.12. | Клиент самостоятельно несет ответственность за оценку рисков в отношении покупки и/или продажи тех или иных ценных бумаг.<br>Настоящим Клиент заявляет, что он полностью осознает факт наличия системных и несистемных рисков, связанных с деятельностью на рынке ценных бумаг. Брокер не несет ответственность за какой-либо ущерб или убытки, причиненный(-ые) Клиенту в связи с принятым им решением о покупке или продаже ценных бумаг, так как Брокер действует на условиях и в соответствии с параметрами поданного Клиентом Клиентского заказа/приказа. Клиент осведомлен о том, что рыночные цены на финансовые инструменты могут изменяться, как в сторону увеличения, так и в сторону уменьшения, и изменение этих цен находится вне контроля Брокера. |
| 7.13. | Брокер осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін әдейі (қасақана) бұзған жағдайда, Брокердің Клиент алдындағы жауапкершілігі Клиентке осындай бұзушылықпен келтірілген құжатпен расталған нақты залалдың мөлшерімен шектеледі. Келісім-шарттың 7.3-тармақта көзделген шығындарды өтеу жағдайын қоспағанда, Брокер ешбір жағдайда Клиентке осы Келісім-шартқа байланысты Клиенттің жоғалтқан пайдасын және (немесе) туындауы мүмкін кез келген залалды өтемейді. | 7.13. | В случае преднамеренного (умышленного) нарушения Брокером своих обязательств по настоящему Договору, ответственность Брокера перед Клиентом ограничивается размером документально подтвержденного реального ущерба, причиненного Клиенту таким нарушением. Ни при каких обстоятельствах Брокер не возмещает Клиенту упущенную выгоду и (или) любые убытки, которые могут возникнуть у Клиента в связи с настоящим Договором, за исключением случая, предусмотренного п.7.3. Договора. |
| | **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ** | | **8. ОБСТОЯТЕЛЬСТВА НЕПРЕОДОЛИМОЙ СИЛЫ** |
| 8.1. | Егер мұндай тиісінше орындамау немесе орындамау Келісім-шарт жасалғаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, Тараптар осы Келісім- | 8.1. | Стороны освобождаются от ответственности за ненадлежащее исполнение или за полное или частичное неисполнение своих обязательств по настоящему Договору, если |

| | |
|---|---|
| шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны немесе толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады. | такое ненадлежащее исполнение или неисполнение явилось следствием обстоятельств непреодолимой силы, возникших после заключения Договора. |
| 8.2. Еңсерілмейтін күш мән-жайларына Тарап ықпал ете алмайтын және оның пайда болуы үшін жауапты болмайтын, бұл ретте осы Келісім-шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін болмайтын оқиғалар жатады. | 8.2. К обстоятельствам непреодолимой силы относятся события, на которые Сторона не может оказать влияния и за возникновение которых она не несет ответственности, при этом делающие невозможным выполнение обязательств по настоящему Договору. |
| 8.3. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор) туындаса, Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі мұндай жағдайлар әрекет еткен уақытқа тең мерзімге кейінге шегеріледі. Еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасайтын Тарап осындай жағдайлардың басталғаны туралы екінші Тарапты 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде хабардар етуге міндетті, әрі уәкілетті органдар немесе ұйымдар берген растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Осы Келісім-шарттың осы тармағында көзделген мерзім, егер еңсерілмейтін күштің салдарынан екінші Тарапты уақтылы хабардар ету мүмкін болмаса, қолданылмайды. Егер еңсерілмейтін күш жағдайының әрекет етуі туралы ақпарат бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын болса немесе көпшілікке белгілі сипатта болса, онда осы тармақта көзделген уәкілетті органдар немесе ұйымдар берген растайтын құжаттарды ұсыну талабы қолданылмайды. | 8.3. В случае возникновения обстоятельств непреодолимой силы срок исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору отодвигается соразмерно времени, в течение которого действуют такие обстоятельства. Сторона, ссылающаяся на обстоятельства непреодолимой силы, обязана в течение 5 (пяти) календарных дней информировать другую Сторону о наступлении подобных обстоятельств в письменной форме с предоставлением удостоверяющих документов, выданных уполномоченными органами или организациями. Срок, предусмотренный настоящим пунктом Договора, не подлежит применению, если уведомление другой Стороны о действии обстоятельства непреодолимой силы не представляется возможным в силу данного обстоятельства. В случае если информация о действии обстоятельства непреодолимой силы распространяется в средствах массовой информации или носит общеизвестный характер, требование настоящего пункта о предоставлении удостоверяющих документов, выданных уполномоченными органами или организациями, не применяется. |
| 8.4. Екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы туралы хабардар етпеу немесе уақтылы хабарламау, осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмай қалған Тараптың бұл жағдайларға сілтеме жасау құқығынан айырылуына әкеп соғады. | 8.4. Не извещение или несвоевременное извещение другой Стороны о наступлении обстоятельств непреодолимой силы, влечет за собой утрату права ссылаться на эти обстоятельства Стороной, для которой создалась невозможность исполнения своих обязательств по настоящему Договору. |
| 8.5. Егер Тараптардың осы Келісім-шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындау мүмкін еместігі қатарынан бір айдан астам уақытқа созылса, кез келген Тарап Келісім-шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы, бұл туралы екінші Тарапты Келісім-шарт бұзылатын күнге дейін кемінде 10 (он) күнтізбелік күн бұрын жазбаша түрде хабардар етуі қажет. | 8.5. В случае, если невозможность полного или частичного исполнения Сторонами своих обязательств по настоящему Договору будет существовать свыше одного месяца подряд, любая Сторона имеет право отказаться от исполнения Договора в одностороннем порядке, письменно уведомив об этом другую Сторону не менее, чем за 10 (десять) календарных дней до даты расторжения Договора. |
| **9. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ, КЕЛІСІМ-ШАРТТЫ БҰЗУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ** | **9. ВНЕСЕНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ, РАСТОРЖЕНИЕ И ПРЕКРАЩЕНИЕ ДОГОВОРА** |
| 9.1. Келісім-шарт Брокер Клиенттен қол қойылған Мәлімдемеі қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге дейін қолданылады, ал өзара есеп айырысуға қатысты бөлігінде – олар толық аяқталғанға дейін күшінде болады. | 9.1. Договор вступает в силу с даты его подписания уполномоченными представителями обеих Сторон и действует в течение неопределенного срока, а в части взаиморасчетов – до их полного завершения. |
| 9.2. Брокер тарифтерінің мөлшерін қоса алғанда, осы Келісім-шарттың талаптарын өзгертуді және | 9.2. Изменение и (или) дополнение условий настоящего Договора, включая размеры |

| | |
|---|---|
| (немесе) толықтыруды Брокер біржақты тәртіппен жүзеге асырады.<br>Келісім-шартқа енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпарат Клиентке тиісті хабарламаны Клиенттің электрондық поштасына жіберу арқылы және/немесе Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында жариялау арқылы жеткізіледі, және бұл өзгерістер мен (немесе) толықтырулар күшіне ену күнінен кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын хабарлануы тиіс. Осы Келісім-шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында өзгертілген Келісім-шарт мәтіні жарияланған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді. | тарифов Брокера, осуществляется Брокером в одностороннем порядке.<br>Информация о внесениии изменений и (или) дополнений в Договор доводится до сведения Клиента посредством направления соответствующего уведомления на электронный адрес Клиента и (или) размещения таких изменений и (или) дополнений на корпоративном интернет-ресурсе Брокера в срок не менее, чем за 15 (пятнадцать) календарных дней до даты введения таких изменений и (или) дополнений в силу. Изменения и дополнения в настоящий Договор вступают в силу по истечении 15 (пятнадцати) календарных дней после даты размещения таких изменений и (или дополнений) в Договор (текста измененного Договора) на корпоративном интернет-ресурсе Брокера. |
| 9.3. Егер хабарламаның Клиентке жіберілген немесе өзгерістердің Келісім-шарттың корпоративтік интернет-ресурсында жарияланған күнінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Брокер Клиенттен жазбаша түрде Келісім-шартқа енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға байланысты қарсылық алмаса, Тараптар алдыңғы редакциядағы Келісім-шарт күшін жоғалтатынын және осы Келісім-шарт енгізілген өзгерістер мен толықтырулар негізінде әрекет ететінін, ал Клиент осы өзгерістер мен толықтыруларға келісетінін мойындайды. Егер көрсетілген мерзім аяқталмай тұрып Клиент Брокерге енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға жазбаша түрде қарсылық білдірсе, осы Келісім-шарт бұзылатын болады. | 9.3. В случае, если по истечении 10 (десяти) календарных дней с даты отправки уведомления Клиенту и (или) размещения изменений в Договор на корпоративном интернет-ресурсе, Брокер не получит от Клиента письменного отказа от продолжения отношений в связи с внесением изменений и (или) дополнений в Договор, Стороны соглашаются, что предыдущая редакция Договора утрачивает силу, при этом настоящий Договор продолжает действовать на измененных и (или) дополненных условиях, и Клиент согласен с внесенными изменениями и (или) дополнениями в настоящий Договор. В случае, если до истечения указанного в настоящем пункте срока, Клиент направит в адрес Брокера письменное несогласие с внесенными изменениями и (или) дополнениями в настоящий Договор, настоящий Договор подлежит расторжению |
| 9.4. Брокердің тарифтерінің өзгеруі туралы ақпарат Брокер тарапынан Брокердің корпоративтік интернет-ресурсында жаңа Брокер тарифтері күшіне енетін күннен кешіктірілмей 10 (он) күнтізбелік күн бұрын орналастырылады. Тарифтердің өзгеруімен келіспеген жағдайда Клиент бұл туралы Брокерге жазбаша түрде Келісім-шартты бұзу туралы хабарлама жіберу арқылы дереу хабарлауға міндетті. Клиенттің енгізілген өзгерістер туралы хабарланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде мұндай хабарламаны ұсынбауы Клиенттің өзгертілген тарифтермен толық келісетінін білдіреді. | 9.4. Информация об изменении тарифов Брокера размещается Брокером на корпоративном интернет-ресурсе Брокера не позднее, чем за 10 (десять) календарных дней до даты вступления в силу новых тарифов Брокера. В случае несогласия с изменением тарифов Клиент обязан незамедлительно известить об этом Брокера, направив Брокеру письменное уведомление о расторжении Договора. Непредставление Клиентом такого уведомления в течение 10 (десяти) календарных дней с даты уведомления о внесенных изменениях означает, что Клиент полностью согласен с измененными тарифами. |
| 9.5. Келісім-шарт сондай-ақ келесі негіздер бойынша да тоқтатылуы мүмкін: | 9.5. Договор также может быть прекращен по следующим основаниям: |
| 1) Тараптардың бірінің бастамасы бойынша Келісім-шартты бұзу болжанған күнге дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын басқа Тарапқа жазбаша хабарлама жолдау арқылы (Келісім-шарттан біржақты сотқа дейінгі бас тарту); | 1) по инициативе одной из Сторон путем письменного уведомления другой Стороны не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения (односторонний внесудебный отказ от Договора); |
| 2) Тараптардың келісімі бойынша; | 2) по соглашению Сторон; |
| 3) Брокердің брокерлік қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясының қолданылуы тоқтатылған немесе кері қайтарылған жағдайда; | 3) в случае приостановления действия или отзыва лицензии Брокера на осуществление брокерской деятельности; |
| 4) Брокерді тарату; | 4) ликвидации Брокера; |
| 5) осы Келісім-шарттың талаптарына сәйкес | 5) в связи с обстоятельствами непреодолимой |

| | |
|---|---|
| еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты; | силы в соответствии с условиями настоящего Договора; |
| 9.6. Шетелдік бағалы қағаздармен операцияларды жүзеге асыруға және/немесе оларды Клиентке тиесілі сақтауға байланысты шетелдік Бөгде ұйымдардың комиссияларын осындай шетелдік Бөгде ұйымдар ұзақ уақыттан кейін (бір айдан астам)шығаруы мүмкін екенін назарға ала отырып, Тараптар келіскендей, осы Келісім-шарттың кез келген Тарап екінші Тарапқа Келісім-шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама берген жағдайда да, осы Келісім-шарт Клиенттің Брокерге осы Келісім-шарт бойынша барлық қарыздарын, оның ішінде барлық комиссиялар мен шығындарды (соның ішінде, Бөгде ұйымдардың комиссиялары мен шығындарын) толық өтегенге дейінгі міндеттемелері жөнінен әрекет етеді. | 9.6. Принимая во внимание, что комиссии иностранных Сторонних организаций, связанные с осуществлением операций с иностранными ценными бумагами, принадлежащими Клиенту, могут быть выставлены такими иностранными Сторонними организациями спустя продолжительное время (более одного месяца), Стороны согласились, что в случае, если какая - либо Сторона настоящего Договора письменно уведомит другую Сторону о расторжении настоящего Договора, настоящий Договор продолжает действовать в части обязательств Клиента по оплате Брокеру задолженности по Договору, в том числе, всех комиссий и расходов (в том числе, комиссий и расходов Сторонних организаций) сроком до полного исполнения Клиентом таких обязательств. |
| 9.7. Осы Келісім-шарттың кез келген негіз бойынша тоқтатылуы бұрын жасалған мәмілелерге немесе туындаған кез келген заңды құқықтар мен міндеттемелерге ешқандай әсер етпейді. Келісім-шарттың тоқтатылған күні орындау үстінде тұрған мәмілелер Брокер тарапынан толық аяқталып, Клиент тарапынан толығымен төленуге тиіс (Брокер комиссиялары мен шығындары, Бөгде ұйымдардың комиссиялары, Келісім-шарт бойынша айыппұл сомалары қоса алғанда). | 9.7. Прекращение настоящего Договора по любому основанию не повлияет ни на какие сделки или любые юридические права и обязанности, которые могли уже возникнуть. Сделки, находящиеся в процессе исполнения на день прекращения Договора, должны быть завершены Брокером и оплачены Клиентом в полном объеме (включая комиссии и расходы Брокера, комиссии Сторонних организаций, суммы штрафных санкций по Договору). |
| **10. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ** | **10. КОНФИДЕНЦИАЛЬНОСТЬ** |
| 10.1 Келісім-шарт жасалған кезде және оның жағдайларын орындау барысында бір Тараптың екінші Тарапқа берген кез келген ақпарат пен мәліметтер құпия болып табылады және ҚР заңнамасында және осы Келісім-шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жарияланбайды. | 10.1. Любая информация и сведения, переданные одной Стороной другой Стороне при заключении Договора и в ходе исполнения его условий, является конфиденциальной, и не подлежит разглашению третьим лицам, за исключением случаев, предусмотренных законодательством РК и настоящим Договором. |
| 10.2. Брокер Қазақстан Республикасының заңнамасына, ОД, KASE/AIX/AIX CSD ішкі ережелеріне, басқа да Бөгде ұйымдардың талаптарына сәйкес және Брокердің және/немесе оның үлестес тұлғаларының ішкі құжаттарын орындау мақсатында, сондай-ақ Клиент Брокерге құпия ақпаратты ашуға құқық берген жағдайларда Клиенттің құпия ақпаратқа қолжетімділігі бар тұлғаларға қолжетімділігін қамтамасыз етеді. | 10.2. Брокер предоставляет доступ к конфиденциальной информации Клиента лицам, имеющим право на получение данной информации в соответствии с законодательством Республики Казахстан, внутренними правилами ЦД, KASE/AIX/AIX CSD, иных Сторонних организаций, а также в целях исполнения внутренних документов Брокера и/или его аффилированных лиц, и в случаях, когда Клиент предоставил Брокеру право на раскрытие конфиденциальной информации. |
| 10.3. Осы Келісім-шарттың талаптарын бұза отырып Тараптардың кез келгені құпия ақпаратты жария еткен немесе таратқан жағдайда, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады және осындай ақпараттың жария етілуі салдарынан екінші Тарапқа келтірілген құжатпен расталған залалды өтеуге міндетті. | 10.3. В случае разглашения либо распространения любой из Сторон конфиденциальной информации в нарушение требований настоящего Договора, виновная Сторона будет нести ответственность в соответствии с законодательством Республики Казахстан с возмещением документально подтвержденного ущерба, причиненного другой Стороне вследствие разглашения такой информации. |
| 10.4. Осы Келісім-шартты жасасу фактісі Клиенттің Келісім-шарт бойынша құпия ақпаратты, Клиенттің операциялары және/немесе Клиент | 10.4. Факт заключения настоящего Договора означает безусловное и безотзывное согласие Клиента на раскрытие Брокером |

| | |
|---|---|
| активтерінің қозғалысы туралы мәліметтерді, Клиент туралы мәліметтерді, Келісім-шартта қамтылған мәліметтерді, ОД, Кастодианды, KASE/AIX/AIX CSD, Бөгде ұйымдарына, аудиторлық ұйымдарға Брокердің аудиторлық тексерулерін орындауы кезінде, Брокердің бас ұйымына, сот органдарына, сот орындаушыларына, мемлекеттік органдарға ашуға клиенттің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін білдіреді. | конфиденциальной информации по Договору, сведений об операциях Клиента и/или движении активов Клиента, о Клиенте, сведений, содержащихся в Договоре, ЦД, Кастодиану, KASE/AIX/AIX CSD, Сторонним организациям, аудиторским организациям при выполнении ими аудиторских проверок Брокера, родительской организации Брокера, судебным органам, судебным исполнителям, государственным органам. |
| 10.5. Осы Келісім-шарт шеңберінде Клиент андеррайтинг аясында орналастырылатын бағалы қағаздарды сатып алуға Клиенттік тапсырма берген жағдайда және егер мұндай бағалы қағаздарды орналастыруды жүзеге асыратын KASE, ОД, эмитент және/немесе андеррайтерлер Клиенттің түпкілікті меншік иелері туралы ақпаратты (жеке деректерді) ашуды талап етсе, Клиент Брокердің аталған ұйымдарға Клиенттің түпкілікті меншік иелері туралы ақпаратты (жеке деректерді) Клиенттің бағалы қағаздарды орналастыруға қатысуы үшін қажетті көлемде ашуға құқығы бар екеніне келіседі. Клиенттің түпкілікті меншік иелері туралы ақпарат Брокер тарапынан Клиенттің ҚЖ/ТҚҚ заңнамасының талаптарына сәйкес толтырған сауалнамасында көрсеткен мәліметтер негізінде ұсынылады.<br>Осы Келісім-шартқа қол қоя отырып, Клиент өзінің түпкілікті меншік иелері болып табылатын жеке тұлғалардың дербес деректерін жинауға, өңдеуге және Брокерге беруге қажетті түрде ресімделген келісімдердің бар екенін кепілдік етеді. Осы Келісім-шарт шеңберінде "Клиенттің түпкілікті меншік иелері" дегеніміз — Клиенттің жарғылық капиталындағы акциялардың (қатысу үлестерінің) 10 немесе одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі болып табылатын жеке тұлғалар. | 10.5. В случае если в рамках настоящего Договора Клиент подаст Клиентский заказ на покупку ценных бумаг, размещаемых в рамках андеррайтинга, и при этом, KASE, ЦД, эмитенту и/или андеррайтерам, осуществляющим размещение таких ценных бумаг, потребуется раскрытие информации (персональных данных) о конечных собственниках Клиента, Клиент согласен с тем, что Брокер имеет право раскрыть указанным организациям информацию (персональные данные) о конечных собственниках Клиента в том объеме, который необходим для участия Клиента в размещении ценных бумаг. Информацию о конечных собственниках Клиента Брокер предоставляет исходя из сведений, которые были указаны Клиентом в анкете, заполненной Клиентом согласно требованиям законодательства ПОД/ФТ.<br>Подписанием настоящего Договора, Клиент гарантирует, что обладает необходимыми надлежаще оформленными согласиями физических лиц – конечных собственников Клиента на сбор, обработку и передачу Брокеру их персональных данных. Под "конечными собственниками Клиента" в рамках настоящего Договора подразумеваются физические лица, которым прямо или косвенно принадлежит 10 и более процентов акций (долей участия) в уставном капитале Клиента. |
| 10.6. Осы Келісім-шартқа сәйкес және Қазақстан Республикасының «Жеке деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, Клиент атынан Келісім-шартқа қол қоятын тұлға (бұдан әрі – Субъект) Брокерге Субъект осы Келісім-шарт шеңберінде ұсынған жеке деректерді жинауға, өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық беруге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Брокер жасасқан келісім-шарттарға сәйкес қажеттілік туындаған жағдайда үшінші тұлғаларға беруге), сондай-ақ пайдалануға мерзімсіз келісімін береді. Субъекттің жеке деректерін өңдеу осы Келісім-шартты іске асыру үшін қажетті нақты мақсаттарға қол жеткізумен шектеледі.<br>Осы Келісім-шартқа қол қою арқылы Клиент, осы Келісім-шарт шеңберінде Клиенттің атынан Клиенттік тапсырмаларды/бұйрықтарды/мәлідемелерді және басқа да құжаттарды қол қоюға уәкілетті Клиенттің өкілдері болып табылатын жеке тұлғалардың жеке деректерін жинауға, өңдеуге (соның ішінде трансшекаралық беруге немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Брокер жасасқан келісім-шарттарға сәйкес | 10.6. Настоящим Договором в соответствии с Законом Республики Казахстан "О персональных данных и их защите", лицо, подписывающее Договор от имени Клиента (далее – Субъект), предоставляет Брокеру на неограниченный срок действия согласие на сбор, обработку (в том числе, в виде трансграничной передачи или передачи третьим лицам - при возникновении такой необходимости в соответствии с законодательством Республики Казахстан, заключенными Брокером договорами) и использование персональных данных, предоставленных Субъектом в рамках настоящего Договора. Обработка персональных данных Субъекта ограничивается достижением конкретных целей, необходимых для реализации настоящего Договора.<br>Подписанием настоящего Договора Клиент гарантирует, что обладает необходимыми надлежаще оформленными согласиями физических лиц – представителей Клиента, которые в рамках настоящего Договора имеют право подписывать Клиентские |

| | |
|---|---|
| қажеттілік туындаған жағдайда үшінші тұлғаларға беруге), сондай-ақ пайдалануға қажетті және тиісті түрде ресімделген келісімдері бар екеніне кепілдік береді. Брокер аталған тұлғалардың жеке деректерін өңдеу мақсаттары талап ететін мерзімнен артық сақтамауға, өңдеу мақсаттарына жеткен соң немесе бұл мақсаттарға жетудің қажеті болмаған жағдайда деректерді жоюға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескере отырып, осы Келісім-шартты орындау аясында Қазақстан Республикасының жеке деректерді қорғау заңнамасының басқа да талаптарын орындауға міндеттенеді. | заказы/приказы/заявления и другие документы от имени Клиента, на сбор, обработку (в том числе, в виде трансграничной передачи или передачи третьим лицам - при возникновении такой необходимости в соответствии с законодательством Республики Казахстан, заключенными Брокером договорами) и использование их персональных данных. Брокер обязуется хранить персональные данные вышеуказанных лиц не дольше, чем этого требуют цели их обработки, и уничтожать их по достижении целей обработки или в случае утраты необходимости в их достижении, с учетом требований действующего законодательства Республики Казахстан, выполнять иные требования законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных в рамках исполнения настоящего Договора. |
| **11. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ** | **11. ПОРЯДОК РАЗРЕШЕНИЯ СПОРОВ** |
| 11.1. Осы Келісім-шартты орындау барысында туындауы мүмкін даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.<br>11.2. Келіссөздер жүргізу мүмкін болмаған жағдайда немесе келіссөздер арқылы дауларды 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде шешу мүмкін болмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, Брокер орналасқан жер бойынша сот арқылы шешіледі.<br>11.3. Осы Келісім-шарт ҚР заңнамасына сәйкес реттеледі. | 11.1. Споры и разногласия, которые могут возникнуть при исполнении настоящего Договора, разрешаются путем проведения переговоров.<br>11.2. При невозможности проведения переговоров либо невозможности разрешения споров путем переговоров в течение 30 (тридцати) календарных дней, споры разрешаются в судебном порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, по месту нахождения Брокера.<br>11.3. Настоящий Договор регулируется законодательством РК. |
| **12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР** | **12. ЗАКЛЮЧИТЕЛЬНЫЕ ПОЛОЖЕНИЯ** |
| 12.1. Осы Келісім-шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды, екі дананың да заңды күші бірдей, әрбір Тарапқа бір данадан беріледі. Егер Келісім-шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында айырмашылықтар туындаған жағдайда, Тараптар Келісім-шарттың орыс тіліндегі мәтініне сүйенеді.<br>12.2. Осы Келісім-шартқа қол қою арқылы Клиент Брокердің брокерлік қызметті реттейтін ішкі құжаттарымен танысқанын растайды. | 12.1. Настоящий Договор составлен на государственном и русском языках в двух экземплярах, имеющих равную юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из Сторон. При возникновении расхождений между текстами Договора на государственном и русском языках, Стороны руководствуются текстом Договора на русском языке.<br>12.2. Подписанием настоящего Договора Клиент подтверждает, что он ознакомлен с внутренними документами Брокера, регламентирующими брокерскую деятельность. |
| **ТҰРҒЫЛЫҚ ЖАЙЫ, ТӨЛЕМ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАРАПТАРДЫҢ ҚОЛДАРЫ** | **МЕСТА НАХОЖДЕНИЯ, ПЛАТЕЖНЫЕ РЕКВИЗИТЫ И ПОДПИСИ СТОРОН** |
| Брокер: Клиент:<br>“Alatau City Invest” АҚ<br>Астана қ, Сыганак даңғылы, 70 | Брокер: Клиент:<br>АО “Alatau City Invest”<br>г. Астана, пр. Сыганак, 70 |
| БСН: 041240002875<br>“Alatau City Bank” АҚ<br>Банк коды: TSESKZKA<br>IBAN: KZ05998BTB0001326083<br>Кбе 15<br>________________/_______________/ | БИН: 041240002875<br>АО “Alatau City Bank”<br>Код банка: TSESKZKA<br>IBAN: KZ05998BTB0001326083<br>Кбе 15<br>________________/_______________/ |

*№ 1- қосымша/Приложение № 1*

**Резидент заңды тұлғамен Келісім-шарт жасасуға арналған құжаттар /Документы для заключения Договора с юридическим лицом-резидентом**

| | **Құжаттың атауы /Наименование документа** | **Түрі/Вид** | **Нысаны/ Форма** |
|---|---|---|---|
| ☐ | Номиналды ұстаусыз брокерлік қызметтерді көрсету келісім-шарт / Договор оказания брокерских услуг без номинального держания; | Түпнұсқа/ Оригинал | |
| ☐ | Заңды тұлғаның қолтаңбалары мен мөрінің үлгілері бар құжат /Документ с образцами подписей и оттиска печати юридического лица; | Нотариалды куәландырылған /Нотариально засвидетельствованный | |
| ☐ | Заңды тұлғаның «Know Your Customer» (Клиентіңізді біліңіз) сауалнамасы/ Анкета юридического лица «Know Your Customer»; | Түпнұсқа / электрондық форма / Оригинал/ электронная форма | |
| ☐ | Жеке шот ашу туралы бұйрық/ Приказ на открытие лицевого счета; | Түпнұсқа / электрондық форма / Оригинал/электронная форма | |
| ☐ | Жарғы және оған енгізілген өзгерістер/толықтырулар/ Устав и изменения / дополнения к нему; | Түпнұсқа / электрондық көшірме/ Оригинал/электронная копия | |
| ☐ | Мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік/анықтама/ Свидетельство/справка о государственной регистрации/перерегистрации; | Түпнұсқа / электрондық көшірме/ Оригинал/электронная копия | |
| ☐ | Номиналды ұстаусыз брокерлік қызметтерді көрсету келісі-шартына қол қоюға және басқа әрекеттерді жүзеге асыруға арналған заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат немесе уәкілетті орган шешімі/ Доверенность или решение уполномоченного органа юридического лица, выданное в отношении представителя юридического лица, который будет заключать договор оказания брокерских услуг без номинального держания и осуществлять иные действия. | Түпнұсқа / электрондық көшірме/ Оригинал/электронная копия | |

Корпоративтік бизнес Департаментінің қызметкері толтырады /Заполняется работником Департамента корпоративного бизнеса

| **Қабылданды / Принят** | |
|---|---|
| Т.А.Ә/Ф.И.О. | |
| Күні мен уақыты /Дата и время | |
| Қолы/Подпись | |

Комплаенс қызметінің қызметкері толтырады (қажет болған жағдайда)/Заполняется работником Службы комплаенс (при необходимости)

| **Қабылданды / Принят** | |
|---|---|
| Т.А.Ә/Ф.И.О. | |
| Күні мен уақыты /Дата и время | |
| Қолы/Подпись | |

**Резидент емес заңды тұлғамен Келісім-шарт жасасуға арналған құжаттар/**
**Документы для заключения Договора с юридическим лицом-нерезидентом[1]**

| | **Құжаттың атауы /Наименование документа** | **Түрі /Вид** | **Нысаны /Форма** |
|---|---|---|---|
| ☐ | Номиналды ұстаусыз брокерлік қызметтерді көрсету келісім-шарт /<br>Договор оказания брокерских услуг без номинального держания; | түпнұсқа/ оригинал | |
| ☐ | Заңды тұлғаның қолтаңбалары мен мөрінің үлгілері бар құжат /Документ с образцами подписей и оттиска печати юридического лица; | түпнұсқа/ оригинал | |
| ☐ | Заңды тұлғаның «Know Your Customer» (Клиентіңізді біліңіз) сауалнамасы/<br>Анкета юридического лица «Know Your Customer»; | түпнұсқа/ оригинал | |
| ☐ | Жеке шот ашу туралы бұйрық /<br>Приказ на открытие лицевого счета; | түпнұсқа/ оригинал | |
| ☐ | Құрылтай меморандумы және жарғы /<br>Учредительный меморандум и Устав | көшірме/ копия | |
| ☐ | Сауда тізілімінен үзінді немесе заңды тұлғаның тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі/<br>Выписку из торгового реестра или копия документа, свидетельствующего о регистрации юридического лица | көшірме/ копия | |
| ☐ | Номиналды ұстаусыз брокерлік қызметтерді көрсету шартына қол қоюға және басқа әрекеттерді жүзеге асыруға арналған заңды тұлғаның өкіліне берілген сенімхат немесе уәкілетті орган шешімі/<br>Доверенность или решение уполномоченного органа юридического лица, выданное в отношении представителя юридического лица, который будет заключать договор оказания брокерских услуг без номинального держания и осуществлять иные действия. | көшірме/ копия | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| ☐ | Клиенттің салықтық резиденттігін растайтын құжат/ Документ, подтверждающий налоговое резидентство Клиента | түпнұсқа/ оригинал | |

Корпоративтік бизнес Департаментінің қызметкері толтырады /
Заполняется работником Департамента корпоративного бизнеса

---

[1] Резидент емес тұлға ұсынатын құжаттар Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес заңдастырылуы немесе апостильденуі мүмкін және қазақ және (немесе) орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасы қоса берілуі тиіс/

Документы, предоставляемые нерезидентом, могут быть легализованы или апостилированы в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, с нотариально засвидетельствованным переводом на казахский и (или) русский языки.

| **Қабылданды / Принят** | |
|---|---|
| Т.А.Ә/Ф.И.О. | |
| Күні мен уақыты /Дата и время | |
| Қолы/Подпись | |

Комплаенс қызметінің қызметкері толтырады (қажет болған жағдайда)/
Заполняется работником Службы комплаенс (при необходимости)

| **Қабылданды / Принят** | |
|---|---|
| Т.А.Ә/Ф.И.О. | |
| Күні мен уақыты /Дата и время | |
| Қолы/Подпись | |